

ӘОЖ 811.512.1

**XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КИРИЛЛІ ӘРІПТІ ҚАЗАҚ ЖОБАЛАРЫНДАҒЫ
ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ТАЛДАУЫ**

Әшім Аяжан Сабыржанқызы

aaya_zhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық Қатынастар факультеті Түркітану кафедрасы
«М020500 – Филология: түркі тілдері» мамандығының
2-ші курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Г. Шаймердинова

Қазіргі түркітану ғылымында руникалық және де өзге де түрлі графикамен жазылған түркі ескерткіштері кеңінен танымал әрі зерттелген. Далалық Еуразияда исламның таралуымен IX-X ғасырлардағы уақыт жылнамасы бойынша араб әліпбиінде жазылған түркі ескерткіштері маңызды болды. XX ғасырдың басында араб тіліне деген қызығушылық төмендеді, себебі ол медресенің, діни молдалардың тілі болатын. Түркі зиялылары халықты ағарту мақсатында өзге әліпби әзірлеуге, латын немесе кириллицаға көшуге күш салды. Ресейде арнайы Аударма комиссиясының күшімен осы уақытқа дейін мұрағатта сақталған бірқатар кириллицамен қазақ ескерткіштері жазылды. Ресей ғылым академиясының Тіл білімі институтының Мәскеу ғалымдарының арқасында біз сол ескерткіштерге қол жеткіздік. Кириллицамен жазған ескерткіштердің арасында «Букварь для киргизь» (Казан, 1908 ж.), «Букварь для киргизовъ. Жазуга үйрететин кнеге» (Казан, 1892 ж.) деген ескерткіштерді зерттеуге көңіл бөлдік.

Бүгінгі таңда Қазақстанда графика мәселесі, қазақ тілінің латын графикасына көшуі мейлінше өзекті. Бұл тұрғыда жаңа мұрағаттағы қазақ ескерткіштерін зерттеу, бір графикадан екінші графикаға өту механизмі талап етілген әрі маңызды.

Тіл дыбыстарын, оларға тән заңдылықтарды білудің маңызы зор. Дыбыстардың құрамын, буын санын, тасымал мен екпінді, дыбыстардың үндесуін, түрлі дыбыстық алмасуларды,

жазу ережелерін, сөздерді дұрыс айту заңдылықтарын есепке алмай сөздің мағынасын, грамматикалық формасын айқындау, ауызша, жазбаша түрде ойды жеткізу мүмкін емес. Тіл – біртұтас жүйе. Ондағы заңдылықтардың бәрі бір-бірімен тығыз байланыста дамып отырады. Сол себепті тілдің грамматикалық құрылысын, оның тілдік бірліктерін өзара тығыз байланыста қарау керек. Кез келген тілді алсақ, сол тілдегі сөздер құралатын нақты дыбыстар санымен шектеледі. Дыбыс айтылады, әріп болса, ол дыбыстың хат бетінде жазылуын көрсетеді. Тілдің дыбыстық құрамы әркез өзгеріске ұшырап отырады. XIX-XX ғасырлардағы кирилл әріпті жобалары мен қазақ әдеби тіліндегі сөздерде дыбыстық өзгерістер кездеседі. Соның ішінде, біз қарастырып отырған XIX-XX ғасырлардағы кирилл әріпті жобаларының тілдің жүйелік және құрылымдық ерекшеліктері, фонетикасы, дауысты дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары; лексикалық, морфологиялық тұрғыдан айырмашылықтары мен сәйкестенуі орын табады.

Кириллица негізінде жарыққа шыққан «Қазақ хрестоматиясы» (1879; 2 басылым, 1906) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1879) кітаптарын қазақтың ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарин жазған болатын. Ы.Алтынсариннің бізге қалдырған өшпес мұрасы үлкен көркемдік, тарихтық және танымдылық құндылық болып есептеледі. Себебі, Ы.Алтынсарин ірге тасын салып қалыптастыра бастаған қазақтың жаңа жазба әдеби тілі қалыптаса бастады. Сол кездерде Филарет Синьковскийдің жетекшілігімен құрылған комиссияның арқасында 1883 жылы басқа да қазақ ескерткіштері пайда болды: «Училище благочестія» (Қазан, 1892), «Букварь для киргизовъ» (Қазан, 1892), «Крещение Руси» (Қазан, 1892), «Киргизско-русский словарь» (Орынбор, 1897), «Букварь для киргизъ» (Қазан, 1908) және т.б. Осы еңбектер арқылы жаңа жазба әдеби тілдің лексикалық қоры молайып, қоғамдық өмірдің әр саласына байланысты оның кейбіріне жаңа мағына үстеп, қазақ тілінің грамматикалық жүйесі едәуір жетілді, араб графикасына негізделген тыныс белгілерін қазақ жазбасында бірінші рет жүйелі қолданудың алғашқы талабы жасалды [1].

XX ғасыр – қазақ тілінің даму тарихындағы ерекше кезең. Оған себеп – саяси, қоғамдық құрылыстағы өзгерістер. Ескі дәстүрлер мен әдет-ғұрып, халықтық салт-сана ығысты. Тұрмысқа мазмұны жаңа өзгерістер енді [2, 88].

XIX ғасыр ортасынан басталатын дәстүрлі түркітану ғылымының саласына арналған зерттеулер негізінен тарихи типологиялық сипаттама әдісіне негізделген. Түркітанушы ғалымдардың көпшілігі өз зерттеулерін жекелеген түркі тілдерінің құрылысын, олардың лексика-грамматикалық және фонологиялық-фонетикалық құрылымын сипаттауға арнады. Қазіргі түркітану ғылымы түркі тілдерінің лексикалық, фонологиялық, грамматикалық құрылымындағы алуан түрлі құбылыстардың табиғаты мен мәнін түсінуде біраз жетістіктерге жетті [3, 5].

XIX ғасыр ескерткіштерінің ішінен Қазан қаласының орталық типографиясында 1908 жылы шығарылған «Букварь для киргизъ», 1892 жылы шығарылған «Букварь для киргизовъ. Жазуга үйрететін кнеге» еңбектері зерттеуге алынды. Орыс тілінен аударма болғандықтан, сол тілдің әсерінен қазақ тілінің сөз байланыстырушы, сөз өзгертуші амалдары сапалық өзгерістерге ұшырады, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде, сөздердің өзара тіркесу қабілетінің кеңеюі мен құрмалас сөйлемдердің байланысу жолдарының дамуында, біраз жаңалықтар орын алды.

Осы еңбектерді зерттеу барысында қазақ тілінің өзіндік дыбыстарын таңбалауға орыс алфавитінде жоқ қосымша белгілер алынған. Мысалы, қазақ әдеби тіліндегі [ә] дыбысын беру үшін [ä], [ө] дыбысы үшін [ö], [ү] және [ұ] дауысты дыбысын беру үшін [ÿ] таңбаларымен алынған. Қазақ әдеби тіліндегі [і] дауысты дыбысының орнына [и] дауыстысының қолданылуы өте жиі кездеседі. Сонымен қатар, кейбір фонемалардың түсіп қалуы да орын алады. Ескерткіште қазақ әдеби тіліндегі [ә], [е] дауысты дыбыстарының орнына [a], [ä] дауысты дыбысы, [a], [i] дауысты дыбыстарының орнына [e] дауысты дыбысы, [ү], [ү], [ы], [i] дауысты дыбыстарының орнына [y] дауысты дыбысы, [ө], [ұ] дауысты дыбыстарының орнына [o] дауысты дыбысы, қазақ әдеби тіліндегі [e], [ү] дауысты

дыбыстарының орнына [ö] дауысты дыбысы, қазақ әдеби тіліндегі [e], [y], [ы], [i] дауысты дыбыстарының орнына [ү] дауысты дыбысы қолданылады.

«Букварь для киргизь» еңбегінде барлығы 581 сөз, «Букварь для киргизовъ. Жазуга үйрететин кнеге» еңбегінде 389 сөз қарастырылады. Екі ескерткіште де кездескен сөздер де бар: «көнүлгө – көңілге», «әр түрлү – әр түрлі», «үшүнши – үшінші», «Кудай – Құдай», «мулла – молла», т.с.с.

Ескерткіштерде діни ұғымды сөздер, архаизм сөздер кездеседі. Мысалы, «Букварь для киргизь» еңбегінде «саратан», «әсет», «дәлү» сөздері ежелгі ай атаулары болып табылады. Саратан - ежелгі қазақша жыл санау бойынша саратан – маусым айының, әсет – шілде айының, дәлү – қаңтар айының атаулары [4].

Сонымен қатар, протеза, элизия құбылыстары анықталды: ырас-рас, таб-алатын – таба алатын, босат-алмайды – босата алмайды, шыг-алмапты – шыға алмапты, жұр-алмайтын – жүре алмайтын, көтер-алмады – көтере алмады, урусуш-еди – ұрысушы еді, көрүш-еди – көруші еді, т.б.

XIX ғасырда ерін үндестігінің екінші, үшінші буынға дейін, тіпті сөз соңына дейін әлсіремей бірқалыпты сақталғанына мына мысалдар дәлел: бөлүс, бөлмө, үлкөн, үстөл, тогуз, согус, урусуп, колумду, осуну, түлкү, үйрөндүм, т.б. [5]; умутуб, бузуктук, уруб, туруб, түзү, күтү, кумус, түймө, т.с.с. [6]. Қазақ әдеби тіліндегі ерін үндестігі қырғыз, алтай тува тілдеріндегідей жаппай қамтитын құбылыс емес екені белгілі. Сол себепті ерін үндестігі қазіргі қазақ әдеби тілінің жазба тілінде көрініс таппайды.

Тағы бір айта кететін жайт – ол, XIX ғасыр ескерткіштерінде [и], [ю], [я] әріптерінің кездеспеуі. Бұл фонемалар құранды болып саналады, яғни [й] мен өзге фонеманың бірігуінен жасалынған (ЙУ, ИЙ, БИЙ, ЙА, УЙ, ЙА, ҮЙ дыбыстық тіркестерін беру үшін).

Қазақ тіліндегі ерін үндестігінің әлсіздігін морфемалардың кірігу процесінде тек жуан-жіңішке езулік айналасына топталатынан да көруге болады. Бұл процеске байланысты Қ.Жұбановтың мына дерегі қызық: ыштан сөзі іш және тон сөздерінен бірігіп жасалған [7].

Ескерткіштердегі еріндік дауыстылардың жазба тілінде езулік дауысты дыбыстарға айналуы, яғни, лабиал дауыстылардың билабиал дауыстыларға айналу процесі де орын алады (делабиализация процесі):

1) [ö] еріндіктің [e] езулікке айналуы:

– көйлөк – көйлек, үстөл – үстел, үйрөнө – үйрене, түбүндө – түбінде, бөлмө – бөлме, үлкөн – үлкен және т.б. [5];

– мүйшө – мүше, түймө – түйме, түзөтсем – түзетсем, т.б. [6].

2) [y] еріндіктің [ы] езулікке айналуы:

– мунау – мынау, уус- уыс, осу – осы [5];

– туруб – тұрып, уруб – ұрып, бурус – бұрыс, умутба – ұмытпа, бузук – бұзық, жумуска – жұмысқа [6];

3) [y] еріндіктің [i] езулікке айналуы:

– омур – өмір [5];

– кумус – күміс [6];

4) [ү] еріндіктің [e] езулікке айналуы:

– көтүр – көтер [1];

5) [ү] еріндіктің [ы] езулікке айналуы:

– дүрүсүн – дұрысын, бүрүб-алып – бұрып алып [5];

– жүлдүз – жұлдыз, дүрүстүгүн – дұрыстығын, сүжүк - сұжық [6];

6) [ү] еріндіктің [i] езулікке айналуы:

– көзүм – көзім, түлкү – түлкі, бөлүс – бөліс, үшүн – үшін, түбүндө – түбінде, т.б. [5];

– өмүрлүк – өмірлік, өтүрүк – өтірік, өмүрлүк – өмірлік, көнүлгө – көңілге, өлүм – өлім, түбти – тіпті, жүрүс – жүріс, үзүк – үзік, үшүнши – үшінші және т.б. [6]; e

Сонымен қатар, ашық дауыстылардың қысаңға айналуы, қысаң дауыстылардың ашық дауыстыға айналуы, жуан дауыстылардың жіңішкеруі жуан дауыстылардың жіңішкеруі (умлаут) процестері де көрініс табады:

1) Ашық дауыстылардың қысаңға айналуы:

– [a] ~ [ы]: уйалаб – уялып;

– [e] ~ [ы]: туганмен – туғанмын;

– [e] ~ [і]: өтек – үтік, әнгеме – әңгіме, көректі – көрікті, езгилигине – ізгілігіне, безге – бізге, сүйемен – сүйемін, кедеймен – кедеймін, т.б.;

– [ö] ~ [ү]: өгүт сөз – үгіт сөз, өтек – үтік, дөкен – дүкен, өкүт – үгіт, төсүнде – түсінде, өйленетн – үйленетін.

2) Қысаң дауыстылардың ашық дауыстыға айналуы:

– [и] ~ [е]: ишкімге-де – ешкімге де;

– [ү] ~ [ө]: сүйтсең – сөйтсең.

3) Жуан дауыстылардың жіңішкеруі:

– [a] ~ [ә]: шай – шәй, уада – уәде, масалан – мәселен, азира – әзірле, уадаларын – уәделерін;

– [o] ~ [ө]: омур – өмір, оз – өз, кол – көл;

– [ы] ~ [и]: сыса – сиса.

Қорытындыға келетін болсақ, XIX ғасырда қазақ тілінде жарық көрген осы іспеттес әдебиеттердің тілі бірізді, қалыптасқан жүйелі нормада болмағанымен де, қазақтың әдеби тіл стильдерінің жеке-дара өріс алып, жанрлық-тілдік жағынан қалыптаса бастауында, яғни қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихында белгілі дәрежеде бұл кітапшалардың өзіндік орны болды. XIX ғасырдағы ескерткіштердің арқасында халқымыздың сол кездегі сауаттылығының дами бастағаныменен, қандай деңгейде болғанда аңғара аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://referatkaz.kz/> миссионерлік-әдебиеттің-қазақша-ауд/
2. Аманжолова С., Хасенов Ә., Ұйқыбаев И. Қазақ тілі. – Алматы: Рауан, 1996. – 125 б.
3. Тектіғұл Ж.О. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: MV-Print, 2012. – 500 б.
4. <https://surak.szh.kz/206736/>
5. Букварь для киргизь. Букуар. – Казань: Центральная типография, 1908.
6. Букварь для киргизовъ. Жазуга үйрететин кнеге. Казань: типография Императорского университета, 1892.
7. <http://emirsaba.org/kderinova-ralaj-bimoldaizi-aza-jazuini-tarihi-men-teoriyasi.htmlpage=13>